

«Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КЕАҚ

БЕКІТЕМІН
Басқарма төрағасы
«Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе
өңірлік университеті» КЕАҚ
Ректоры
_____ **Л.Карабасова**
_____ **2022 ж.**

**Күдік туралы хабарлау және Сыбайлас жемқорлыққа қатысты тергеу
және оған қарсы шара қолдану туралы ереже**

Ереже «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Заңына, сондай-ақ ISO 37001:2016 халықаралық стандартының 8.9-т. және 8.10 т. сәйкес әзірленді.

Ақтөбе, 2022

Құжат паспорты	
Бастамашы	Басқарма төрағасы – «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ ректоры
Әзірлеуші	СҚМЖ қызметіне жауапты / «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы (Комплаенс) қызметі
Енгізілді	ИӘ
Нұсқа	1
Мәртебесі	Іс-әрекетте
Ауыстырылды	Жоқ
Келесі қайта қарау мерзімі	31.12.2023 дейін
Талаптары осы құжатта жүзеге асырылатын ISO 37001:2016 Стандарт тармақтары	8.9-т. Күдік туралы хабарлау 8.10-т. Сыбайлас жемқорлыққа қатысты тергеу және оған қарсы шара қолдану
Қатысқан бөлімшелер / лауазымдар	«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ бөлімшелерінің штаттық құрылымына кірмейтін барлық құрылымдық бөлімшелер (департамент/басқармалар/офистер) және дербес оқшауланған лауазымдар
Сараптама (күні)	Комплаенс қызметі және Құқықтық қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алу басқармасы
Келісілді (күні)	Басқарма Мүшелері: - Басқарма Төрағасы-Ректор; - Академиялық мәселелер жөніндегі проректор; - Қаржы және инфрақұрылым жөніндегі проректор; - Ғылым және инновациялар жөніндегі проректор; - Стратегиялық даму жөніндегі проректор; - Әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор
Бекітілген (күні)	Басқарма Төрағасы – «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ Ректоры

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер.....	4
2. Терминдер мен анықтамалар.....	4
3. Бұзушылықтар туралы хабарлау тәртібі.....	5
4. Хабарламаларды өңдеу.....	6
5. Тергеу нәтижелері.....	7
6. Кері байланыс.....	7
7. Құпиялылық.....	7
8. Кері әрекеттерден қорғаныс.....	8
9. Құжаттарды сақтау.....	8
10. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жедел желі бойынша өтініштерді тіркеу журналы.....	9
11. Жедел желісі жұмысы туралы есеп.....	10

1. Жалпы ережелер

Осы Ереже «Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ қызметіндегі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жедел желінің (*бұдан әрі – «Жедел желі»*) жұмыс тәртібі, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын, «Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын сақтамау жағдайларына қатысты бұзушылықтар туралы және академиялық адалдық пен парасаттылық қағидаттарын бұзатын өзге де мәселелер бойынша келіп түскен өтініштерді қабылдау, тіркеу және есепке алу тәртібін белгілейді.

Ереже «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Заңына, сондай-ақ ISO 37001:2016 халықаралық стандартының 8.9-т. және 8.10 т. сәйкес әзірленді.

Терминдер мен анықтамалар

Контрагент - шарт бойынша қандай да бір міндеттемелерді қабылдаған немесе өзіне қабылдауға ниет білдірген заңды немесе жеке тұлға (*іскер әріптестер, қызметтерді тұтынушылар, жеткізушілер, белгілі бір жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету үшін тартылатын тұлғалар, клиенттер өзге тұлғалар*).

Мониторинг – «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ қызметінде мүмкін болатын теріс тәуекелдер мен салдарды барынша азайту үшін оларды бағалау, бақылау немесе болжау мақсатында рәсімдердің, объектілердің, құбылыстардың, ішкі бизнес-процестердің жай-күйін арнайы ұйымдастырылған жүйелі бақылау.

Комплаенс – тиісті реттеуші органдардың сұранысына, нұсқауларына немесе «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ-ның ішкі контекстіне және саясатына сәйкес іс-шаралар кешені, іс-шаралар рәсімдері. «Комплаенс» ұйымдағы қызмет саласының реттеуші, қадағалау органдарының қандай да бір ішкі немесе сыртқы талаптарына, сертификатталған аккредиттелген органдар бекіткен заңнама нормаларына және халықаралық стандарттарға сәйкестігін білдіреді.

Тәуекел – «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ қызметіне теріс әсер ету және зиян келтіру ықтималдығы бар мақсаттарға белгісіздіктің әсері.

Бизнес-процесс - белгілі бір өнім немесе қызмет нәтижесі болып табылатын циклдік формада жүзеге асырылатын дәйекті үздіксіз операциялар тізбегі.

Ішкі құжат – «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ әзірлеген және бірінші басшы немесе оны алмастыратын тұлға бекітетін құжат (жергілікті акт).

Лауазымды тұлға/қызметкер – еңбек заңнамасына сәйкес тұрақты, уақытша немесе арнайы уәкілеттік бойынша «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ қызметкерінің функцияларын немесе ұйымдастырушылық-өкімдік не әкімшілік-шаруашылық функцияларды жүзеге асыратын тұлға.

Студенттер/магистранттар/докторанттар «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ білім беру саясаты мен бағыттарына сәйкес жүзеге асырылатын білім беру бағдарламалары бойынша «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ-та білім алатын тұлғалар.

1. Бұзушылықтар туралы хабарлау тәртібі

Егер «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ қызметкерлерінде, контрагенттерде, іскер әріптестерде / инвесторларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық стандарттарды, «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын және өзге де мәселелерді сақтамау жөніндегі ықтимал жосықсыз мінез-құлық туралы қандай да бір алаңдаушылық болса, аталған тұлға бұл туралы бірінші кезекте Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жауапты тұлғаға/комплаенс қызметіне «Жедел желі» 8 (707 737 1935) телефоны арқылы хабарлау немесе электрондық мекенжай (zhubanov_compliance@mail.ru) бойынша хабарлама жазу, сондай-ақ бағыт

бойынша өзінің тікелей басшысын хабардар ету қажет. Жоғарыда көрсетілген фактілер бойынша контрагенттер, іскер серіктестер/инвесторлар және студенттер/магистранттар/докторанттар «Жедел желі» 8 (707 737 1935) телефонына тікелей хабарласу немесе электрондық пошта мекенжайына (zhubanov_compliance@mail.ru) хабарлама жазу қажет.

Егер қызметкер мазасыздық сезінсе және алаңдаушылығын тікелей басшысына жеткізу мүмкін емес/біржақты деп есептесе, ол дереу «Жедел желі» 8 (707 737 1935) немесе электрондық пошта мекенжайына (zhubanov_compliance@mail.ru) хабарлама жаза алады.

2. Хабарламаларды өңдеу

«Жедел желі» телефонына түскен барлық қоңыраулар мен хабарламалар тіркеледі, сондай-ақ оларға қатысты қабылданған ден қою шараларының есебі жүргізіледі (*1-қосымша*).

«Жедел желі» телефонына келіп түскен ақпаратты жинауды және алдын ала өңдеуді «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесіне (бұдан әрі – СМЖ) жауапты тұлға / Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес комплаенс қызметі жүзеге асырады.

Егер өтініш өзінің мазмұны бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл стандарттары мен саясатын сақтамау саласына жататын болса, «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ басшылығы тергеу жүргізуге және осы тергеуге жауапты адамды тағайындауға нұсқау береді.

Кейіннен Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған тәсілдермен және құралдармен барлық қажетті ақпаратты жинай отырып, келіп түскен өтініш бойынша тергеу жүргізетін жұмыс тобы (*қажеттілігіне қарай*) құрылады.

Барлық өтініштер берілген ақпараттың сипаты мен негізділігін/дұрыстығын назарға ала отырып, өтініш келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде қаралады.

Қазақстан Республикасының Заңы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар бойынша қылмыстық қудалауға жауапты мемлекеттік органдарға ақпаратты хабарлауға міндеттеген жағдайларда, «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ басшылығы «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ СМЖ жауапты қызметкеріне барлық қолда бар ақпарат пен материалдарды бере отырып, тиісті органға дереу хабарлама жіберуге өкім береді.

Өтінішті электрондық мекенжай (zhubanov_compliance@mail.ru) бойынша жіберген кезде өтініш беруші (өтініш берген тұлға) мынадай санаттардың бірін көрсетуі тиіс:

1. ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын бұзу фактілері туралы;

2. «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ қызметкерлерінің, іскер серіктестер/инвесторлар, контрагенттер және оқушылар/студенттер өкілдерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық белгілері бар әдептен тыс мінез-құлықтары;

3. мүдделер қақтығысын реттеу мәселесі бойынша;

4. «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ қызметіндегі ішкі рәсімдерді жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуге болады.

СМЖ қызметіне жауапты /сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызмет ай сайын «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ басшылығы үшін «Жедел желі» телефонына келіп түскен өтініштер туралы ақпаратты жинақтайды және талдайды (2-қосымша).

Талдау негізінде СМЖ қызметіне жауапты /сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызмет ақпарат пен ресурстар жеткілікті болған жағдайда «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ СМЖ қызметін жақсартуға бағытталған профилактикалық іс-шаралар жоспарын жасауға құқылы.

«Жедел желі» телефоны бойынша өтініштерді қабылдау жұмыс уақытында 8.30-дан 18.00-ге дейін жүзеге асырылады.

3. Тергеу нәтижелері

Тергеулердің барлық нәтижелерін комплаенс қызметі жоғары басшылыққа (директорлар кеңесіне) баяндайды және оны «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ жоғары басшылығы қарап, кейінгі әрекеттер туралы шешімдер қабылдайды немесе анықталған бұзушылықтарды жою үшін қабылдануы қажет белгілі бір процестерді, рәсімдерді немесе әрекеттерді жақсарту бойынша «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ құрылымдық бөлімшелерге ұсыныстар береді.

4. Кері байланыс

Құқық бұзушылық туралы хабарлаған «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ қызметкері, іскер серіктесі немесе оның өкілі, контрагент, студенттер/магистранттар/докторанттар өтінішін қарау нәтижелері туралы жауап алады. Жауап өтініш берушіге мүмкіндігінше қысқа мерзімде, өтініш берілген күннен бастап күнтізбелік 15 күннен кешіктірмей берілуі тиіс.

«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ-ның ақпараттың құпиялығын сақтауға және өтініш берушінің құқықтары мен қауіпсіздігін сақтауға мүдделілігін ескере отырып, нақты тұлғаларға қатысты мәліметтер жарияламайды, нәтижесінде жалпы сипатта болуы мүмкін бұл жауапты СМЖ қызметіне жауапты /сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызмет оның электрондық поштасына жолдайды.

5. Құпиялылық

Хабарламаларда көрсетілген ақпарат бұзушылық туралы хабарлаған өтініш беруші туралы ақпаратты жария етпей, тергеп-тексеруді жүргізуге тікелей қатысатын қызметкерлерге ғана ашылады. Ақпарат тарату процесіне қатысатын барлық қызметкерлер қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес ұсынылған, алынған хабарламалардың мазмұнына қатысты құпиялылықты сақтайды. Хабарламада көрсетілген ақпаратты немесе тергеу нәтижелерін жария ету «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ басшылығының рұқсаты негізінде ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

6. Кері әрекеттерден қорғаныс

«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ жоғарыда аталған қызметкерлерін және хабарлау процесі арқылы бұзушылықтар туралы адал хабарлаған басқа да тұлғаларды басшылықтың немесе басқа тұлғалардың қысым көрсету әрекеттерінен қорғау үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

7. Құжаттарды сақтау

Ұйымдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесіне жауапты қызметкер/комплаенс қызмет, барлық хабарламалардың алынуын, тергелуін және олар бойынша қабылданған шешімдерді қадағалай отырып, есебін жүргізеді. Алынған хабарламалар мен анықталған бұзушылықтарды жою үшін қабылданған әрекеттерге қатысты статистикалық ақпарат пен деректер, заңнамада өзгеше көзделген жағдайларды қоспағанда, тергеу аяқталған кезден бастап кемінде 5 жыл сақталады.

Негізсіз/дәл емес деп танылған хабарлама туралы деректер тіркеледі және сақталады. Қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болған кезде негізделген/дұрыс деп бағаланған хабарлама туралы деректер құзыретті құқық қорғау органдарына беріледі.

«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ құрылымдық бөлімшелері «Жедел желі» жұмыс істеуі үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз етуі тиіс, өз кезегінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жауапты тұлға/сыбайлас жемқорлыққа қарсы (комплаенс) қызметі ұйымның барлық қызметкерлерін және «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ студенттерін/магистранттарын/докторанттарын мәліметтер мен хабарламалар беру тәртібінің рәсімдері туралы, сондай-ақ осы рәсімдерге қатысты өзінің құқықтары мен қорғау шаралары туралы хабардар ету үшін қажетті іс-шараларды жүзеге асыруы тиіс. жүргізуі тиіс.

1-қосымша

**СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ БОЙЫНША
ӨТІНІШТЕРДІ ТІРКЕУ ЖУРНАЛЫ**

№	Күні	Өтініш берушінің аты-жөні	Өтініштің қысқаша мазмұны	Өтініш нәтижесі	Жауапты орындаушы
---	------	---------------------------	---------------------------	-----------------	-------------------

ЖЕДЕЛ ЖЕЛІСІ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП
_____ 20__ ж.

№	Өтініш тақырыбы	Өтініштер саны	Өтініш нәтижесі
---	-----------------	----------------	-----------------